

**Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті**  
**Журналистика кафедрасы**  
**Журналистика және ақпарат даярлау бағыты бойынша академиялық комитет мәжілісінің**  
**№1 хаттасы**

27.10.2024 ж.

### Түркістан қаласы

**Қатысқандар:** ф.ғ.к., доцент м.а. Бельдибекова А., ф.ғ.к., профессор Сердәлі Б., PhD Ергебеков М., аға оқытушы Сәдібеков А., оқытушы Ташимова А., оқытушы Ералиева К., «Түркістан» газетінің редакторы Дәuletov M., студент Өмірбек К., білімгер Байжанова А, кафедра ОПК.

#### Күн тәртібі:

1. Академиялық комитет құрамын жасақтау, АК жұмысын ұйымдастыру, 2024-2025 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу, талқылау, бекітуге ұсыну.
2. Жұмыс берушілермен бірлесіп, маман дайындау, кадр даярлау нарығына талдау жүргізу.
3. Университет тұлектерінің жұмысқа орналасу моделін әзірлеу. Вебинар, семинар ұйымдастыру. Университет тұлектер қауымдастырымен бірлесе отырып, тұлектер моделін әзірлеуге қатысу.
4. Қыркүйек, қазан айында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау.

#### Тындалды:

**АК төрағасы Қ.Ералиева.** Бұғаңға мәжілістің күн тәртібінде АК құрамын жасақтау, АК жұмысын ұйымдастыру, ережелермен танысу, 2024-2025 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлең бекіту мәселесіне тоқталды. Төраға, Қ.Ералиева қазіргі құрам бойынша талқылау жасап, жаңа құрамды бекіту қажеттілігін атап өтті. АК мүшелері туралы ақпарат ұсынылып, жаңа құрам туралы шешім қабылданды. 2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспары әзірленіп, бекіту үшін талқыланды.

**Кафедра менгерушісі А. Бельдибекова:** Жұмыс берушілермен бірлесіп, маман дайындау және кадр даярлау нарығына талдау жүргізуді жалғастыру керектігін айтты. Нарық қажеттіліктерін анықтап жұмыс берушілермен сұхбат жасау арқылы қандай мамандарға сұраныс бар екенін анықтаудың маңыздылығын түсіндірді. Маман даярлау бағдарламаларын талдау қажеттілігі мен ол үшін оқу бағдарламаларының жұмыс берушілердің талаптарына сәйкестігіне мән берілу қажеттігін атап өтті.

**АК мүшесі Б.Сердәлі:** Тұлектердің жұмысқа орналасу деңгейін арттырудың маңыздылығы ерекше. Жұмысқа орналасу моделін әзірлеу үшін негізгі элементтер ретінде мыналарды ұсынуға болады. Жұмыс берушілермен берік әрі сенімді серіктестік орнату керек.. Тұлектердің еңбек нарығындағы құзыреттілігін бағалау жүйесін енгізу маңызды. Университеттің мәліметтер базасын құру және тұлектермен кері байланыс орнатуды назарда ұстаймыз. Семинар-тренингтерге спикерлер ретінде табысты тұлектерді, жұмыс берушілерді және мансаптық даму бойынша мамандарды шақыруды ұсынамын. Вебинарларды онлайн платформаларда ұйымдастыру қажеттігін, ал семинарларды университет базасында өткізу заман талабы екенін айтты.

## Шешім:

1. Академиялық комитет құрамы жасақталып, АҚ жұмысын тиімді ұйымдастыру үшін жаңа жұмыс жоспары әзірленіп, бекітуге ұсынылсын.
  2. Жұмыс берушілермен бірлесіп, маман дайындау, кадр даярлау нарығына талдау жүргізілсін.
  3. Университет тұлектерінің жұмысқа орналасу моделі әзірленсін. Вебинар, семинар ұйымдастырылсын. Университет тұлектер қауымдастырымен бірлесе отырып, тұлектер моделін әзірлеуге қатыссын.
  4. Қыркүйек және қазан айында атқарылған іс-шаралардың нәтижелері қанағаттанарлық деп табылсын.

## АК төрағасы

✓

К.Ералиева

## Хатшы:

3

А.Ташимова